


жатқан тереңдігіне және қабат қысымына байланысты бұрғылау ерітіндісінің қажетті тығыздық шамасы мұнай және газды бұрғылау кезіндегі мұнай және газ өндірісік қауіпсіздік ережесімен нақты регламентталған .



Сурет 5 – Турбинаның жұмыс істеу сұлбасы

- 1 - турбобурдың бірлік сатысы;
- 1,5 - ротор және статордың сыртқы айналысы;
- 2,3 - ротор және статор қалақшалары; 4,6 - ротор және статордың сыртқы айналысы.

Тұрақтылық және ағуы нашарлайтын: саз, аргиллит, сазды сланец, тұздар және басқа да жыныстары бар интервалда бұрғылау ерітіндісінің тығыздығының сүзуі, химиялық құрамы ұңғыма қабырғаларын берік ұстап тұратындай етіліп таңдалады. Бұл кезде репрессия бұрғыланатын барлық интервалға белгіленген шектен аспауы тиіс. Қаңқа кернеуіне (тау жынысының жыныс және кеуек қысымдарының айырмасы) тиімді ұңғыма қабырғасына мүмкін тежелу 10-15%.

Түптегі қысым тұрақталмаған кезде, бұрғылау ерітіндісінің төмен тығыздығын алып және максималды жылдамдықта бұрғылауға болады.

Бұрғылау ерітіндісі ұңғыма қабырғасының бетінде, өткізгішті тау жынысы қабатында, ұңғыма оқпанын бекіту және бұрғылау сұйығының сіңіп кетпеу мақсатында жұқа өткізгіштігі аз сазды қабыршық жасауы тиіс.

Ерітіндінің қатты фазасынан пайда болатын сүзгіштік қабыршық оқпанның гидростатикалық қысымы мен қабат қысымы айырмашылығынан пайда болады.

Қабыршық қимасының жоғарғы бөлігінде цементтелмеген құммен бекітілуі оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұнымен бір уақытта, қабыршық ұңғыманы және өткізгіш қабатты айырады. Алайда суберіліс